

**Смағұлова Қ.Х.**

Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес университеті

Қазақстан, Семей

e-mail: smagulova\_72@mail.ru

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДЕ КЕЙС-СТАДИ ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Аңдатпа.** Мақалада орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін жаңа инновациялық технологиялар арқылы оқытудың тиімділігі туралы айтылады. Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістерінің бірі ретінде кейс-стади әдісі қарастырылады. Кейс-стади технологиясының студенттердің ойлау-сөйлеу қабілеттерін арттыруға, өздігінен шешім шығару, топпен пікір алмасу, өз ойын толық дұрыс жеткізе алу, т.б. дағдыларын дамытуға ықпалы айқындалады. Сонымен қатар, мақалада кейс-стади әдісі кезеңдерінің қазақ тілін оқытудағы тиімді тұстары анықталған.

Зерттеу барысында материалдарды жинақтау, жүйелеу, тұжырымдау, талдау әдістері қолданылған. Қорытындыда автор кейс-стади әдісін қазақ тілінде қолданудың тиімділігі жоғары деп есептейді. Себебі, кейс-стади әдісі білім алушылардың тілдік қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіреді.

Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытуда қолдануға болады.

**Тірек сөздер:** коммуникация, технология, талдау, кейс-стади әдісі, қатысымдық технология, сөйлеу тілі, ауызша тілдік қатынас

**Смағұлова Қ.Х.**

Университет Международного Бизнеса имени Кенжеғали Сағадиева

Казахстан, Семей

e-mail: smagulova\_72@mail.ru

## **Эффективность использования метода кейс-стади в обучении казахскому языку**

**Аннотация.** В статье рассматривается эффективность обучения казахскому языку в русскоязычных аудиториях с помощью новых инновационных технологий. В качестве одного из эффективных методов обучения казахскому языку рассматривается метод кейс - стади.

Будет определено влияние технологии Кейс-стади на повышение мыслительно-речевых способностей студентов, развитие навыков самостоятельного решения, обмена мнениями в группах, полноценного изложения своих мыслей и др. Кроме того, в статье определены эффективные подходы к обучению казахскому языку этапов кейс - стади.

В ходе исследования использовались методы сбора, систематизации, формулирования, анализа материалов. В заключении автор считает, что использование метода кейс-стади на казахском языке имеет высокую эффективность. Это связано с тем, что метод кейс-стади совершенствует навыки языкового общения обучающихся.

Результаты исследования могут быть использованы при обучении казахскому языку в высших учебных заведениях.

**Ключевые слова:** коммуникация, технология, анализ, метод кейс-стади, коммуникативная технология, разговорный язык, устное языковое общение

**Smagulova K.K.**

University of International Business named after Kenzhegali Sagadieva

Kazakhstan, Semey

e-mail: smagulova\_72@mail.ru

## **The effectiveness of using the case study method in teaching the kazakh language**

**Abstract.** The article examines the effectiveness of teaching the Kazakh language in Russian-speaking audiences using new innovative technologies. The case study method is considered as one of the effective methods of teaching the

Kazakh language. The impact of Case Study technology on improving students' thinking and speech abilities, developing self-decision skills, exchanging opinions in groups, fully expressing their thoughts, etc. will be determined.

In addition, the article identifies effective approaches to teaching the Kazakh language at the stages of the case study.

During the research, methods of collecting, systematization, formulation, and analysis of materials were used. In conclusion, the author believes that the use of the case study method in the Kazakh language is highly effective. This is due to the fact that the case study method improves the language communication skills of students.

The results of the study can be used in teaching the Kazakh language in higher educational institutions.

**Key words:** communication, technology, analysis, case study method, communication technology, spoken language, oral language communication

### **Кіріспе**

Бүгінгі таңда қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне сай меңгерту заман талабынан туындап отыр. Еліміздің кез келген жоғары оқу орнында қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде оқытылуда. Отандық әдіскер ғалымдардың орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін оқытудың әдістемесін, қазақ тілін оқытудың тиімді әдіс тәсілдері мен инновациялық технологияларды зерттеген ғылыми жұмыстары көптеп саналады. Бұл еңбектердің әрқайсысы қазақ тілін оқыту әдістемесінің дамуына өз дәрежесінде үлес қосады.

Орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін меңгертуде білім алушылардың қазақ тілінде сөздік қорларын арттыру, ауызша, жазбаша сауатты сөйлеуін дамыту, қоғамдағы адамдармен өзара қарым - қатынас жасай алуына қажетті коммуникативті дағдыларын қалыптастыру сияқты мәселелерге баса көңіл бөлу қажет. Қазақ тілін меңгеру арқылы өзге ұлт өкілдері халқымыздың мәдениетін, тарихын, ұлттық салт-дәстүрлерін біледі.

Әдіскер ғалымдар қазақ тілін оқытудың дамыта оқыту, деңгейлеп оқыту, т.б. көптеген жаңа технологияларын ұсынууда. Сондай әдістердің бірі ретінде кейс-стади әдісін атауға болады. Орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін оқыту үшін аталған жаңа технологияларды қажет жерінде сұрыптап, тиімді қолдана білу оқытушының педагогикалық шеберлігі мен білім - білігін талап етеді.

### **Зерттеудің әдіс -тәсілдері.**

Зерттеу барысында материалдарды жинақтау, талдау және тұжырымдау, эксперимент әдістері қолданылды. Кейс-стади әдісінің тиімділігін айқындау мақсатында шетелдік және Отандық

ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып және орыс тілді аудиторияда қазақ тілі сабағын өткізуде кейс-стади әдісін қолдануда тәжірибемізбен бөлістік. Шетелдік әдіскер ғалымдар Гладких И. В.[1], Флиберг Б.[2], Адонина Н. П.[3], Оскольская И. А.[4], т.б. ғалымдардың пікірлеріне сүйендік.

### **Негізгі бөлім.**

Қазақ тілін оқытудың дәстүрлі әдістері сабақ барысында оқытушының оқу материалын жете түсіндіруі, студенттердің жаттығу жұмыстарын орындауы және сұрақтарға жауап беруі сияқты дайын білімді алуға негізделген әдістерді қамтыса, оқытудың жаңа технологиялары білім алушылардың өздігінен білім алуға ізденісін, сұрақ қоя білуге, өз пікірін жеткізе білуге үйрету, оқытушы мен студенттердің жеке көзқарастарын ескере отырып, бірлесіп пікір шығаруға үйрету т.б. тиімді әдіс тәсілдерден құралады.

«Қазақша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үш түрлі мәселеге тікелей қатысты: біріншіден - оқытудың мақсаты (тіл үйренушілерге қазақша дұрыс сөйлеу нормаларын үйрету, қазақ тілін өмірде іс жүзінде қолдана білу, қазақша тілдесімді іс жүзіне асыру), екіншіден - оқытудың мазмұны (тілді үйрету үшін қандай мәселелерге басты назар аудару керек, нені оқыту керек (тілді үйрету керек пе, әлде сөз бен сөйлемді үйрету керек пе) соларды анықтау), үшіншіден - оқытудың кезеңдері (тілді үйрету барысында оқытушы мен оқушының орындайтын жұмыс уақытының өлшемдері мен ерекшеліктері)» [5, б.11].

Сабақ барысында орындалатын тапсырмаларды әзірлеу оқытушыдан жан жақты ізденуді, сабаққа тыңғғылықты дайындықты, әрбір сабақта нақты мақсат пен міндеттерді алдын ала айқындап алуды

талап етеді.

Орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін меңгертудегі тиімді әдістердің бірі – кейс-стади технологиясы. Студенттердің айтылым дағдысын дамытуда кейс-стади технологиясы тиімді болып табылады.

Кейс-стади дегеніміз студенттердің ойлау қабілеті мен шешім қабылдау дағдысын дамытуға ықпал ететін мәселелерді топпен талқылау.

Кейс-стади әдісі алғашында Американдық бизнес мектебінде қолданылып, қазіргі таңда білім беру жүйесінің кез келген саласында тиімділігі дәлелденген әдіс болып табылады. Кейс әдісі өткен ғасырдың басында Гарвард университетінің бизнес мектебінде пайда болды. Терминнің шығу тегін кейбір зерттеушілер *case* (портфолио, кішкентай чөмодан) сөзімен немесе латын *casus* сөзімен (күрделі, шатастыратын жағдай) байланыстырады. Кейс әдісінің (*case study*) пайда болуы мен дамуының негізінде «прецедент» немесе «жағдай» принципі жатыр. Кейс әдісі шетелде экономика және бизнес ғылымдарын оқытуда кеңінен қолданылады. Оның пайда болуының алғашқы кезеңінде бұл әдіс MBA оқу курстарында кеңінен қолданылды [6].

Кейс әдісі тривиальды емес тәсілдерді іздеуге үйретеді. Білім алушылар нақты шешімі жоқ тапсырмалар алады. Сондықтан мәселені анықтап, оны шешу жолдарын табу керек немесе мәселе анықталған кезде қиын жағдайдан шығу керек.

Кейс-стади әдісі бойынша білім алушылар ұсынылған шынайы немесе қиялдан туған жағдаяттарды талдайды. Ұсынылған жағдаятқа байланысты өзіндік көзқарас пікірлерін нақты және толық баяндап жеткізеді. Бұл білім алушылардың ойлау, шешім қабылдау дағдыларымен қатар өз пікірін анық және толық жеткізе білу, сөйлеу қабілеттерін де жетілдіруге ықпал етеді.

«Бұл әдіс педагогикалық міндеттерді талдау қабілеттерін дамытады және міндеттерді өзінше құрастыруға үйретеді. Нақты міндеттерімен бетпе-бет келген кезде маман біріншіден мыналарды: мұнда

шешетін проблема бар ма, өз позициясын анықтау, түсіндіру, нені шешу керек екендігін және қандай қажетілік бар екендігін анықтап алуы қажет. Оқу кейсі – аудиторияда бар мүмкіндіктерді пайдаланып нақты проблемалық жағдайларды шешу және талқылау жолы арқылы қарама-қарсы шешімдерді қабылдау мүмкіндіктерін құру. Кейс әдісін тиімді қолдану студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерінің белсенділіген артырады, оқу тобында проблемалық жағдайларды талқылау мүмкіндігін туғызады, өздерінің білімдері мен идеяларын біріктіреді, талқылау процесін және білім мазмұнын қадағалауға мүмкіндік береді» [7, б.42].

Қазақ тілін меңгертуде кейс-стади әдісін қолдану мынадай кезеңдерден тұрады:

1-ші кезеңде студенттер жағдаят туралы мәтінді оқып, проблеманың мәнін түсінуге жағдаятты бағалау, өзіндік ұстанымын анықтау, сұрақтарға жауап ойластыру, проблеманы шешудің жолдарын анықтауға тырысады.

2-ші кезеңде білім алушылар шағын топтарға бөлініп, топ ішінде кейстің аясында ұсынылған проблемалар туралы өзара пікір алысады. 4-5 адамнан тұратын шағын топ мүшелері диалогтік әдіс және консенсус әдістерін қолдана отырып, проблеманы бірлесіп шешу жолдарын іздейді. Осы кезеңде миға шабуыл, диалог, полилог, дискуссия әдістері де кірістірілуі мүмкін. Топтық талқылау аяқталған соң, топ ішінен проблеманы шешу жолдарын түсінідіре алатын көшбасшы тағайындалады.

3-ші кезеңде жалпы топтық талқылауға оқытушы жетекшілік етеді. Әрбір топтың арнайы өкілі баяндалған проблемалар аясында өз пікір-көзқарастарын жеткізеді.

«Кейс-стади технологиясын кез келген пәнді оқыту барысында қолдануға болады. Нақты жағдай нақты дұрыс немесе дұрыс емес жауапқа ие бола алмайды, ол тек оқу материалы қызметін атқарады, сол арқылы студенттер талдауға, сөз сөйлеуге, пікір таластыруға, өз ойларын негіздеуге

үйренеді» [8, б.67]. Орыс тілді аудиториялардағы қазақ тілі сабағының мақсаты студенттердің сөздік қорын кеңейту ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ойлау, талдау және ауызша және жазбаша тілдің байлығын қолдана отырып, өз шығармашылық қабілеттерін дамыту болуы керек. Кейс-стади әдісін осы мақсатқа сай жүзеге асырылатын технологиялардың бірі деп есептеймін. Алайда, кез-келген басқа сала сияқты, білім беру жүйесінде лайықты нәтиже алу үшін тек мақсатты белгілеу жеткіліксіз. Оқушылардың коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін барынша пайдалануға мүмкіндік беретін оқыту технологиясын табу қажет. егер сабақта қойылған негізгі міндеттер сыни тұрғыдан ойлау, тәуелсіз шешім қабылдау дағдыларын үйрету болса, кейс технологиясы кез - келген пәнді оқытуда қолданыла алады.

Кейс-стади әдісі жоба әдісі, рөлдік ойын, ситуациялық талдау және т.б. сияқты жақсы қалыптасқан әдістерді біріктіреді. Қазақ тілі сабағындағы жалпы мәселені шешуде барлық студенттерге оқу материалын, қосымша ақпаратты толық түсінуге және игеруге, ең бастысы – бірлесіп және өз бетінше жұмыс істеуге үйренуге мүмкіндік беретін бірлескен іс-әрекет пайдалы болады.

«Кейс-стади әдісінің мәні – нақты жағдайды талдау, оның сипаттамасы кез-келген практикалық проблеманы ғана емес, сонымен бірге осы мәселені шешу кезінде игерілуі керек белгілі бір білім жиынтығын да көрсетеді. Сонымен қатар, мәселенің өзінде нақты шешімдер жоқ. Оқытудың интерактивті әдісі бола отырып, бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл технологияны қолдану балаларда қарым-қатынас, әлеуметтік белсенділік, өз пікірін дұрыс ұсыну және басқа адамның пікірін тыңдау сияқты кейінгі өмір үшін маңызды қасиеттерді дамытуға көмектеседі» [9, б.117]. Кейстер әртүрлі формада ұсынылуы мүмкін: ең шағын түрі бірнеше сөйлемнен тұрса,

көлемді түрлері бірнеше беттік мәтіннен тұрады.

Алайда, күрделі жағдаяттар студенттерге шағын жағдаяттармен салыстырғанда, әсіресе бірінші рет жұмыс істегенде біраз қиындықтар туғызатынын есте ұстаған жөн. Істің ең қарапайым нұсқасы: студенттерге проблема тудыратын мәтіннің белгілі бір үзіндісі беріледі және одан әрі оқиғалардың қалай дамидынын ойлап табуға, болжауға шақырылады.

Мысалы, жоғары оқу орындарының техникалық мамандықтарында оқитын студенттерге қазақ тілін меңгертуде мамандыққа қатысты мәтіндер бойынша жағдаяттар ұсынуға болады.

Мәтіннің негізгі тақырыбын, мәселесін анықтау ұсынылады. Студенттер мәтінді өз бетінше оқып, қосымша әдебиеттермен жұмыс жасағаннан кейін шеше алады. Әдетте, студенттердің көпшілігі жұмыстағы ең бастысы-шығарманың негізгі тақырыбын анықтайды. Ондағы көтерілген күрделі проблемаларға қатысты өз пікірлерін ұсынады. Шешімдер көп болуы мүмкін және әрбір студент өзі ұсынған нұсқаны дәлелдеуге және талқылауға құқылы. Кейстерді шешу білім алушылардың топтық жұмысында, жұлпын жұмыс істегенде, жеке жұмыс кезінде бірдей тиімді. Кейстерді шешудің нәтижесі презентация, жобаны қорғау, сыни анықтама, сипаттамалық жұмыс, эссе түрінде ұсынылуы мүмкін. Кейс технологиясын қолдану не береді?

Мұғалімге:

- заманауи оқу-әдістемелік материалдар базасына қол жеткізу;
- оқу процесін тиімді ұйымдастыру;
- сабаққа дайындалуға кететін уақытты ұлғайту/қысқарту;
- үздіксіз біліктілікті арттыру;
- сабақтан тыс уақытта оқу процесінің кейбір элементтерін іске асыру мүмкіндігі.

Білім алушыға:

- қосымша материалдармен жұмыс;
- консультациялар базасына тұрақты қолжетімділік;
- бақылаудың барлық түрлеріне өзі

дайындалу мүмкіндігі;

- топтағы басқа студенттермен қарым-қатынас жасау;

- заманауи ақпараттық технологияларды игеру.

Кейс-технологияларды өз тәжірибесіне енгізгісі келетін кез-келген мұғалім арнайы әдебиеттерді оқып, оқу жағдайларын қолына алып, мұны кәсіби түрде жасай алады. Алайда, оқытудың интерактивті технологияларын қолдану пайдасына таңдау өз алдына мақсат болмауы керек: аталған ситуациялық талдау технологияларының әрқайсысы оқу мақсаттары мен міндеттерін, оқу тобының ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, құзыреттілік деңгейін, регламентті және кейс-технологияны енгізу, оларды дайындау және өткізу мүмкіндіктерін айқындайтын көптеген басқа факторларды ескере отырып енгізілуі тиіс.

Кейс-технологиялардың әдістері мен тәсілдері:

1. Модельдеу (жағдай моделін құру).

2. Жүйелік талдау (жүйелік ұсыну және жағдайды талдау).

3. Ойлау эксперименті (жағдайды мағыналы түрде өзгерту).

4. Сипаттау әдісі (жағдайдың сипаттамасын жасау).

5. Жіктеу әдісі (жағдайды құрайтын қасиеттердің реттелген тізімдерін құру).

6. Ойын әдістері (жағдайдағы кейіпкерлердің мінез-құлық нұсқаларын ұсыну).

7. "Миға шабуыл" (жағдайға қатысты идеяларды қалыптастыру).

8. Пікірталас (мәселеге көзқараспен бөлісу және оны шешу жолдары). Студенттер үшін:

- жағдаятпен танысу;

- материалды зерттеу және талдау;

- шешу жолдарын топтық талқылау;

- өз тобымен мәселені шешуді көрсету;

- пікірталас (жағдайды шешудің әртүрлі нұсқаларын талқылау).

«Тақырыптардың күрделіліктеріне байланысты кейстердің де әр түрлі күрделілік деңгейлерін қолдануға болады:

- Күрделіліктің бірінші сатысы: тәжірибелік (ситуациялық) жағдай бар, шешімі бар. Студенттер шешімі сәйкес келеді ме, немесе басқа шешімі бар ма екенін анықтайды;

- Күрделіліктің екінші сатысы: нақты ситуациялық жағдай бар. Студенттерге дұрыс шешім қабылдау ұсынылады;

- Күрделіліктің үшінші сатысы – нақты ситуациялық жағдай бар. Студент өзі туындаған мәселені анықтайды және мәселені шешу жолдарын көрсетеді»[10, б.84].

Кейс-стади әдісі бойынша семинар сабағын өткізу жоспарын келесідей етіп ұсынар едік.

1. Аталған әдіспен семинар сабағын өткізуге болатын тақырыпты таңдаймыз.

2. Кейстің текстін, тапсырмалар жинағын қалыптастыру және кейсті орындау бойынша әдістемелік нұсқаулықты құрастыру.

3. Ақпараттық құжаттарды таңдаймыз (мамандық бойынша мәтіндер, шағын көркем шығармалар мәтіні, қоғамдағы өзекті мәселелерге арналған кез келген мәтіндер).

4. Білім мен дағдыларды бағалау критерийлерін әзірлеу.

Мысалы, орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін оқытуда кейс стади әдісін төмендегідей қолдандық.

**1. Әзірлік кезеңі.** Топ студенттерін 3 топқа бөлу. Студенттерге тапсырма беру: Интернет желісіне тәуелділік туралы дайын мәтінді оқып шығу.

**2. Шағын топтардағы білім алушылардың өздік жұмысы:**

- Кейс тапсырмалары мен әдістемелік нұсқауларды қарастыру;

- мәтіннің негізгі тақыбырын, мәтіндегі негізгі ойды, көтерілген проблемаларды анықтау (Әлеуметтік желіге тәуелділік адам өміріне қандай зиянын тигізуде?);

- Басқа микротоптарға зерттелетін тақырып бойынша сұрақтар дайындау. (Әлеуметтік желіге тәуелділік деген не? Әлеуметтік желіге тәуелділіктің қандай зияндары бар? Әлеуметтік желіге тәуелділіктен қалай құтылуға болады? т.б.)

**3. Мәселені талдау:** микро топтардың баяндамалары (практикалық жағдайды шешу үшін қорытындылар, оқытушының және басқа микро топтардың сұрақтарына жауап беру). Интернетке тәуелділіктен қалай құтылуға болады деген тақырып бойынша әр топ өз ішінде аддымен мәселені талқылады. Соңынан топ ішінен бір студент мәселенің шешімі туралы өз көзқарастарын толық баяндады. Топтар арасында пікірталас болды. Әр топ өзінің көзқарасын дәлелдеуге тырысты.

**4. Нәтиже және білім дағдыларын бағалау.**

Микро топтардың және жеке студенттердің жұмысы бағаланды. Бағалауда келесі критерийлер негізге алынды:

- Өз пікірін жеткізудегі студенттердің сауатты сөйлеуі мен ойды нақты, толық жеткізе алуы;

- Сұрақтардың дұрыс құрастырылуы;

- Сұрақтарға берілген жауаптардың мазмұны, сұрақты толық аша алуы;

- Сабақтағы белсенділігі (жеке, шағын топтар).

**Қорытынды**

Қорыта келгенде, кейс-стади технологиясын қолдануға ең ыңғайлы - тілдік пәндер. Өйткені бұл сабақтарда мәтінмен жұмыс жасағанда біз білім алушылардың ойлау сөйлеу қабілеттерін арттырып, тілдік қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіреміз. қазақ тілі сабағында кейс-стади әдісін қолдану арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- Жаңа ақпаратты игеру (мәселені терең зерттеу).

- Деректерді жинау әдісін меңгеру.

- Оқытудың жаңа тәсілін құру.

- Студенттердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру.

- Талдау әдісін меңгеру (проблемалық талдау).

- Мәтінмен жұмыс істей білу.

- Теориялық және практикалық білімнің арақатынасы.

Білім беру барысында басты басымдық студенттердің жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту,

оларды дара тұлға етіп әзірлеу. Оқу үрдісінде басымдылық рөл оқытушыға емес, студентке берілуі тиіс, студент белсенділік көрсетуі тиіс оны оқытпай, ол өздігінен оқуы керек. Оқытудың негізгі мақсаты өз бетінше дами алатын жеке адамды қалыптастыру болғандықтан, оқытудың негізгі формасы студенттермен жұмыс істеу. Студенттің өздік жұмысының тапсырмалары алған білімді әр түрлі жағдайда қолдануды, жаңадан өздігінен білім алуды қажет ететіндей, студенттің танымдық қабілеттерін арттыратындай болуы қажет. Осыған байланысты кейс-әдістің басты міндеті білім алушылардың даралығын қалыптастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады. Түбегейлі жаңа жолдарды іздеу көп еңбекті қажет етеді, ол мұғалімнен уақытты да, шығармашылықты да қажет етеді. Алайда, білім сапасы оқытушы үшін басты жетістік болып табылады. Бұл белгілі бір пәнге деген қызығушылықты ояту, оқушылардың өз мүмкіндіктерінің шегін барабар бағалауы, сабақтарда кездесетін психологиялық шиеленісті азайту, берілген білімнің сапасын арттыру, білім алушы мен оқытушы арасында ерекше сенімді қарым-қатынас орнату болуы мүмкін. Осындай нәтижеге қол жеткізуге кейс-технологияның тигізетін септігі мол деп есептеймін.

**Әдебиеттер тізімі**

1. Гладких, И. В. Методические рекомендации по разработке учебных кейсов / И. В. Гладких // Вестн. Санкт-Петербург. ун-та. – 2005. – Вып. 2, № 16. – С. 169–194.
2. Флиберг Б. О недоразумениях, связанных с кейс-стади // Социс, 2005. – №4. – 115 с.
3. Адонина Н. П. Кейс-стади: история и современность // Высшее образование сегодня. 2012. № 11. С. 43–48.
4. Оскольская И. А. Активное внедрение технологии кейс-стади в процессе обучения иностранному языку студентов неязыковых специальностей // Вестник современной науки. 2016. № 3–2 (15). С. 77–82.
5. Әбілқаев Ә., Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту. - Алматы, 1984
6. Әлімжанова Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы.- Алматы, 1991 6.
7. Абдразахова Ф.Ж. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі (жоғары оқу орындарының филология фак.): пед.ғыл.канд. авторефераты, Алматы, 2003
8. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі: Пед. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2001.
9. Шутяк М. А. Кейс-метод на уроках русского языка как иностранного и неродного // Пятый этаж. 2017. № 3. С. 25–29.
10. Юлдашев З. Ю., Бобохужаев Ш. И. Инновационные методы обучения: особенности кейс-стади метода обучения и пути его практического использования. Ташкент: Iqtisod-Moliya, 2006. 88 с.

**References:**

1. Gladkikh, I. V. Metodicheskiye rekomendatsii po razrabotke uchebnykh keysov [Methodological recommendations for the development of educational cases] Vestn. St. Petersburg University. - 2005. – Issue 2, No. 16. – pp. 169-194.
2. Fliberg B. O nedorazumeniyakh, svyazannykh s keys-stadi [On misunderstandings related to the case study]. Socis, 2005. – No. 4. – 115 p.
3. Adonina N. P. Keys-stadi: istoriya i sovremennost' [Case study: history and modernity] Higher education today. 2012. No. 11. pp. 43-48.
4. Oskolskaya I. A. Aktivnoye vnedreniye tekhnologii keys-stadi v protsesse obucheniya inostrannomu yazyku studentov neyazykovykh spetsial'nostey [Active implementation of case study technology in the process of teaching a foreign language to students of non-linguistic specialties] Bulletin of Modern Science. 2016. No. 3-2 (15). pp. 77-82.
5. Äbılqäev Ä., Qұлmaғambetova B. Qazaq tılın oqytu. - Almaty, 1984
6. Äлімjanova D., Mamanov Y. Qazaq tılın oqytu metodikasy.- Almaty, 1991 6.
7. Abdrazahova F.J. Qazaq tılın şeteldik studentterge jazylım äreketi arqyly üiretu ädistemesı (joғary oqu oryndarynyñ filologia fak.): ped.ğyl.kand. avtoreferaty, Almaty, 2003
8. Qadaşeva Q. Jañaşa jaңғыrтыp oqytudyñ ğylymi ädistemelik negizderi: özgetildi dārishanalardağy qazaq tili: Ped. ğyl. dok. ... diss. – Almaty, 2001.
9. Shutjak M. A. Kejs-metod na urokah russkogo jazyka kak inostrannogo i nerodnogo // Pjatyj jetazh. 2017. № 3. S. 25–29.
10. Juldashhev Z. Ju., Bobohuzhaev Sh. И. Innovacionnyye metody obucheniya: osobennosti kejs-stadi metoda obucheniya i puti ego prakticheskogo ispol"zovaniya. Tashkent: Iqtisod-Moliya, 2006. 88 s.

**Автор туралы мәлімет:**

**Смағұлова Канат Хайроллаевна**

Лауазымы: аға оқытушы, Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес университеті Алматы қ.  
Пошталық мекенжайы: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай 8 А.  
Ұялы.тел: 87757061725  
E-mail: smagulova\_72@mail.ru

**Сведения об авторе:**

**Смағұлова Канат Хайроллаевна**

Должность: старший преподаватель Университет Международного Бизнеса имени Кенжеғали Сағадиева  
Почтовый адрес: 050010, Республика Казахстан, г.Алматы, Абая 8А  
Сот. тел: 87757061725  
E-mail: smagulova\_72@mail.ru

**Information about the author:**

**Smagulova Kanat Khayrollaevna**

Position: Senior Rev, University of International Business named after Kenzhegalı Sagadieva  
Mailing address: Republic of Kazakhstan, Abay 8 a  
Mob.phone: 87757061725  
E-mail: [smagulova\\_72@mail.ru](mailto:smagulova_72@mail.ru)